

«ИнжуНур» балабақшасы мекемесі
Өндірістік жиналыстың №1 хаттамасы

Қатысты:9
Қатыспады:0

Мерзімі: Қазан

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулық жүргізу
2. Ата-аналарға арналған ақпараттық-көрнекілік материалдарды ұйымдастыру
3. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру

Тыңдалды:

Балабақша басшысы Токмаханова Ж ұжым қызметкерлерімен балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық жүргізді. Нұсқаулық барысында келесі талаптар түсіндірілді:

Балаларды топта немесе балабақша аумағында қараусыз қалдырмау;
Балаларды жол жүру ережелерімен, өрт қауіпсіздігі талаптарымен таныстыру және оларды сақтауға үйрету;
Электр құралдарын қауіпсіз пайдалану, ұзартқыштарды шамадан тыс қолданбау, бос электр нүктелерін арнайы қорғаныш құралдарымен жабдықтау;
Жарақаттанудың алдын алу мақсатында қауіпсіздік техникасы ережелерін қатаң сақтау;
Қауіпті жағдайлардың алдын алу және еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындау;
Жаңадан жұмысқа қабылданған немесе лауазымы өзгерген қызметкерлердің білімін тексеруден өткізу
Сонымен қатар, тәрбиешілерге серуенді ұйымдастыру кезінде жыл мезгілінің ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі ескертілді.
Барлық педагог қызметкерлердің қауіпсіздік бағыттары бойынша (өрт қауіпсіздігі, терроризмге қарсы қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс) арнайы курстардан өтіп, сертификат алуы міндеттелді.
Аталған бағыттар бойынша жауапты тұлғалар бекітіліп, тиісті бұйрық шығарылғаны хабарланды.

Екінші мәселе бойынша Балабақша басшысы Абдикаримова Р ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың маңыздылығын атап өтіп, бұл бағыттағы жұмысты одан әрі күшейту қажеттігін айтты. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату – балалардың тәрбиесі мен дамуына оң әсер ететін негізгі факторлардың бірі екендігі ерекше атап өтілді.

Осыған байланысты педагог қызметкерлерге келесі міндеттер жүктелді:

Әр топтағы ата-аналар бұрыштары мен ақпараттық стендтерді талапқа сай безендіру, оларды заманауи әрі тартымды етіп ұйымдастыру;
Ата-аналарға арналған ақпараттарды (күн тәртібі, оқу-тәрбие жұмыстары, кеңестер, хабарландырулар) уақтылы, нақты және көрнекі түрде ұсыну;

Ата-аналармен кері байланысты нығайту мақсатында түрлі форматтағы жұмыстарды (жеке әңгіме, жиналыс, кеңес беру) жүйелі түрде ұйымдастыру;
Консультативтік пункттің жұмыс сапасын арттыру, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету деңгейін көтеру;
Ата-аналардың сұраныстары мен ұсыныстарына мұқият қарап, толық әрі қанағаттанарлық жауап беру;

Сонымен қатар, ата-аналарға арналған консультативтік пункттің жұмыс кестесі қайта қаралып, бекітілді. Кестеге сәйкес ата-аналар өздеріне қолайлы уақытта келіп, қажетті кеңес алу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

Педагог қызметкерлерге ата-аналармен жұмысты жүйелі, жоспарлы түрде жүргізу қатаң тапсырылды.

Үшінші мәселе бойынша Медбике ас блогының санитарлық талаптарға ішінара сәйкес келетінін баяндады. Тексеру барысында ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптардың жалпы сақталып отырғаны анықталғанымен, кейбір кемшіліктердің бар екендігі атап өтілді. Осыған байланысты санитарлық талаптарды күшейту және тұрақты бақылауда ұстау қажеттілігі ескертілді.

Атап айтқанда, ыдыстарды жуу барысында белгіленген талаптарды қатаң сақтау керектігі айтылды. Ыдыстарды міндетті түрде 45–60°C температурадағы ыстық суда жуу қажет екендігі және бұл талаптың тағамнан уланудың алдын алу мен тазалықты қамтамасыз етуде маңызы зор екендігі түсіндірілді.

Сонымен қатар, ас блогында жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы санитарлық нормалары мен ережелеріне (СанПин) сәйкес жүргізіліп жатқаны айтылды. Дегенмен, аталған талаптардың толық әрі үздіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін бақылауды күшейту қажеттігі көрсетілді.

Тағам өнімдерін сақтау және пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылды. Өнімдерді тек өз мерзімінде пайдалану, сақтау шарттарын қатаң сақтау, тоназытқышта және арнайы қоймаларда белгіленген тәртіппен орналастыру міндеттелді. Әрбір тағам өнімінің таңбалануы дұрыс жүргізіліп, олардың атауы, дайындалған күні мен сақтау мерзімі нақты көрсетілуі тиіс екендігі ескертілді.

Ыдыс жуу техникасын сақтау, яғни ыдыстарды дұрыс ретпен жуу, залалсыздандыру және кептіру жұмыстары қатаң бақылауға алынатыны айтылды. Бұл талаптардың орындалмауы санитарлық нормалардың бұзылуына әкелуі мүмкін екендігі ескертілді.

Сонымен қатар, ас блогындағы жабдықтардың тазалығы да басты назарда болуы тиіс екендігі айтылды. Газ плиталарын, жұмыс үстелдерін, қабырға кафельдерін күнделікті тазалап, залалсыздандыру қажеттілігі ерекше атап өтілді. Ас блогының барлық қызметкерлеріне жұмыс орындарының тазалығын сақтау, жеке гигиена талаптарын орындау және санитарлық нормаларды бұзбау жөнінде қатаң нұсқау берілді.

Жалпы алғанда, ас блогында санитарлық талаптарды сақтау – балалардың денсаулығын қорғаудың маңызды бөлігі екендігі атап өтіліп, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде бақылау қажет екендігі қорытындыланды.

Шешімі:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша барлық қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауда ұсталсын.

Азаматтық қорғаныс, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлардың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Осы бағыт бойынша жауапты тұлға Токмаханова Ж бекітіліп, бекітілген жоспарға сәйкес іс-шараларды уақытылы және сапалы түрде жүргізу міндеттелсін.

2. Ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптардың толық орындалуы қамтамасыз етілсін.

Тамақ дайындау, сақтау және тарату барысында қолданыстағы санитарлық нормалар мен ережелер (СанПин) қатаң сақталсын.

Ас блогының тазалығы, ыдыстарды жуу тәртібі, тағам өнімдерінің сапасы мен сақтау мерзімдері тұрақты бақылауға алынсын.

Аталған жұмыстарға бақылау жүргізу медбике жүктелсін.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылып, оның сапасы арттырылсын.

Топтардағы ата-аналар бұрыштары мен ақпараттық стендтер талапқа сай безендіріліп, үнемі жаңартылып отырсын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Токмаханова Ж

Сарсенбаева Г

«ІнжуНұр» балабақшасы мекемесі
Оңдірістік жиналыс хаттамасы
№2

Қатысқандар: 8
Қатыспағандар: 1
Мерзімі: Ақпан

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Өрт қауіпсіздігі ережелері» тақырыбында тәжірибелік сабақ өткізу және жауапты тұлғаларды бекіту
2. Оперативті тексеру қорытындысы: балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру, тамақ қалдықтарының болмауы. Дөңгелек үстел

Бірінші мәселе бойынша Балабақша басшысы Төкмаханова Ж. «Өрт қауіпсіздігі ережелері» тақырыбында жүргізілетін жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, осы бағыт бойынша жауапты тұлғаларды бекітті.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, алдын алу шараларын ұйымдастыру және тұрақты бақылау жүргізу мақсатында келесі жауаптылар белгіленді:

Өрт қауіпсіздігі бойынша жауапты: Қауіпсіздік шараларын бақылаушы:
Балаларды эвакуациялау бойынша жауапты: Баймишева И

Жауапты тұлғаларға өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын тұрақты қадағалау, қызметкерлермен және тәрбиеленушілермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларын қалыптастыру мақсатында арнайы жаттығулар өткізу міндеттелді.

Сонымен қатар, жауапты маман «Өрт қауіпсіздігі ережелері» тақырыбында тәжірибелік сабақ өткізілгенін баяндады. Сабақ барысында балаларға ортнің алдын алу жолдары, өрт шыққан жағдайда өзін-өзі ұстау ережелері, қауіпсіз жерге эвакуациялану тәртібі түсіндірілді.

Тәжірибелік сабақ кезінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай түсінікті әрі қолжетімді әдістер қолданылып, қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Өрт жағдайында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар көрсетіліп, тәжірибе жүзінде пысықталды.

Жауапты маман алдағы уақытта мұндай тәжірибелік сабақтар мен жаттығуларды жүйелі түрде өткізу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша медбике балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру бойынша жүргізілген оперативті тексерудің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру барысында балалардың тамақтану үдерісінде санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, тағам сапасы, мәзірдің талаптарға сәйкестігі, сондай-ақ тамақ қалдықтарының болмауы мәселелері қарастырылғаны айтылды.

Тексеру нәтижелері бойынша:

Балалардың тамақтануы белгіленген нормалар мен стандарттарға сәйкес ұйымдастырылған;

Тағам құрамында балалардың жас ерекшеліктеріне қажетті дәрумендер мен минералдардың жеткілікті мөлшерде болуы қамтамасыз етілген;

Тамақ дайындау және тарату барысында санитарлық талаптар сақталған;

Тамақ қалдықтарының азаюы бағытында жүргізілген жұмыстар оң нәтиже көрсеткені атап өтілді. Балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тағамды ұқыпты тұтыну дағдыларын дамыту нәтижесінде қалдықтардың айтарлықтай төмендегені айтылды.

Оперативті тексеру қорытындысы бойынша педагогтар, медбике және асхана қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстел барысында:

Балалардың дұрыс тамақтануын жақсарту жолдары;

Ас мәзірін жетілдіру;

Сапалық-гигиеналық талаптарды сақтау;

Тамақ қалдықтарын азайту мәселелері талқыланды.

Қатысушылар өзара пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісіп, балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру бойынша бірқатар ұсыныстар енгізді.

Шешім:

1. Балаларға берілетін тағамның сапасын және калориялық құрамын одан әрі жақсарту мақсатында ас мәзірі қайта қарастырылсын. Балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

2. Өрт қауіпсіздігі бойынша тәжірибелік сабақтар мен жаттығулар тұрақты түрде ұйымдастырылып, олардың сапасына бақылау күшейтілсін.

Төрайым:

Хатшы:



Токмаханова Ж
Сарсенбаева Г

Қатысқандар:9

Қатыспағандар:0

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1.Медқызметкердің жарты жылдықта жасалған жұмыстарының қорытындысы.

2.Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру (шұғыл тексеру)

3.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу

Баяндамашы: Медбике жарты жылдықта атқарылған жұмыстардың қорытындысымен таныстырды.

Есеп беру барысында жарты жыл ішінде балалардың денсаулығы тұрақты басылауда болғаны атап өтілді. Күнделікті таңертеңгі фильтр жүргізіліп, балалардың жалпы жағдайы тексеріліп отырған. Жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында ата-аналарға жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қажетті кеңестер берілген.

Балалардың антропометриялық көрсеткіштері (бойы мен салмағы) уақытылы өлшеніп, жас ерекшеліктеріне сәйкес талдау жасалған. Нәтижесінде балалардың басым бөлігінде бой өсуі мен салмақ қосу көрсеткіштері оң динамика көрсеткені айтылды.

Сонымен қатар, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша тәрбиешілерге тұрақты түрде нұсқаулықтар беріліп отырған. ЖРВИ, тұмау және ішек ауруларының алдын алу бағытында профилактикалық шаралар жүргізілген.

Балабақшада күн тәртібі толық сақталып, балалармен жүйелі түрде шынықтыру және сауықтыру шаралары ұйымдастырылған. Әр екі ай сайын спорттық сайыстар өткізіліп, балалардың қатысу белсенділігі артқаны атап өтілді.

Ас мәзірі құнарлы тағамдармен толықтырылып, балаларға жеміс-жидектер (алма, банан), сүт өнімдері (йогурт) тұрақты түрде беріліп отырған.

2.**Шаруашылық меңгерушісі мен меңгеруші орынбасары ас блогына жүргізілген шұғыл тексеріс нәтижелерімен таныстырды.**

Тексеру барысында санитарлық талаптардың сақталуында бірқатар кемшіліктер анықталған:

Ыдыс-аяқтарды сақтау ережелерінің толық сақталмауы;

Тағам қалдықтарын уақытылы шығару тәртібінің бұзылуы;

Тазалық журналдарының толық әрі талапқа сай толтырылмауы;

Аталған кемшіліктер балалардың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін екендігі ескертіліп, оларды жою бойынша нақты тапсырмалар берілді. Ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау қажеттігі баса айтылды.

3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу

Баяндамашы: Әліскер Тоқмаханова Ж Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – мекеменің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

Осы бағытта тәрбиешілерге, кимекші персоналға және басқа да қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізілді.

Нұсқаулық барысында:

Өрт қауіпсіздігі ережелері;

Алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері;

Жағатайым жағдайлардың алдын алу шаралары жөнінен түсіндірілді.

Сонымен қатар, серуен кезінде, оқу іс-әрекеттері барысында және демалыс уақытында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту қажеттігі ескертілді.

Жалпы, күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, тиісті қорытындылар жасалып, нақты тапсырмалар берілді. Қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру және бақылау жұмыстарын күшейту қажеттілігі атап өтілді.

Шешімі:

1. Барлық қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар қайта жүргізіліп, тіркеу журналдарына қол қойылуы қамтамасыз етілсін. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ойын алаңдары мен жабдықтары техникалық тексерістен өткізілсін.

2. Ас блогының санитарлық жағдайы қатаң бақылауға алынып, ашықталған кешіліктер қысқа мерзімде жойылсын.

3. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Тоқмаханова Ж

Сарсенбаева Г